# Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті көрсететін мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 30 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 маусымда № 11360 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2020 жылғы 6 мамырдағы № 34/қе бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 06.05.2020 № 34/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ 1 дана

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) "Жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату бойынша қызметпен айналысу үшін лицензия беру" осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) "Ақпарат таралып кететін арналарды және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес;

4) "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру", осы бұйрықтың 4 қосымшасына сәйкес;

5) "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру", осы бұйрықтың 5 қосымшасына сәйкес;

6) "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға

жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу" осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес;

7) "Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамасы туралы нотификацияларды тіркеу" осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттары;

8) "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру" осы бұйрыққа 8-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Мемлекеттік құпияларды қорғау жөніндегі департаменті заңнамамен белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және оның ресми жариялануын;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ресми интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық қауіпсіздік комитетінің* *Н. Әбіқаев*
*Төрағасы*

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
Ә. Исекешев
2015 жылғы 12 мамыр

"Келісілді"
Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі
Е. Досаев
2015 жылғы 8 мамыр

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі

№ 30 бұйрығына
1-қосымша

# "Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды
# әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату бойынша қызметпен айналысу үшін лицензия беру"
# мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату бойынша қызметпен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны беру – 15 жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу – 3 жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензияны беру, қайта ресімдеу не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554 -бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол:

лицензия беру үшін – 20 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

лицензияны қайта ресімдеу үшін – 2 АЕК-ті.

Төлем қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейлі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Төлем "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

қызмет алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшаға сәйкес жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату жөніндегі қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болатын өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), лицензия, лицензиялық алым ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет " шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10473 тіркелген) жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцида – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жедел іздестіру іс-шараларын<br>жүргізуге арналған арнайы<br>техникалық құралдарды<br>әзірлеу, өндіру, жөндеу және<br>сату бойынша қызметпен<br>айналысу үшін лицензия беру"<br>мемлекеттік көрсетілетін<br>қызмет стандартына<br>1-қосымша

Нысан

## Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________
________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

__________________________________________________________________
________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________
________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта __________________________________________________
__

Телефондары ________________________________________________________
__

Факс ______________________________________________________________
__

Банк шоты _________________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

__________________________________________________________________
____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _______________ ______________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________________

"Жедел іздестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды
әзірлеу, өндіру, жөндеу және
сату бойынша қызметпен
айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

## Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

__________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету) Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы:

_________________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта _____________________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________________

Банк шоты ___________________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_________________________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

________ __________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

"Жедел іздестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы техникалық
құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу
және сату бойынша қызметпен айналысу
үшін лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

## Көрсетілетін қызметті алушының жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату бойынша қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу және өндіру жөніндегі қызметпен айналысу үшін:

1) заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мәртебесі туралы ақпарат

___________________________________________________________________

(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың/куәліктің нөмірін және берілген

___________________________________________________________________;

күнін көрсету)

2) жоғары техникалық білімі бар мәлімделген маман(дар) туралы ақпарат

___________________________________________________________________

(мамандығын және біліктілігін, сондай-ақ диплом(дар)ының көшірмесін(-лерін) қоса беріп,

___________________________________________________________________;

диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

3) мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары рұқсатының

болуы туралы ақпарат ________________________________________________
_
(құжаттың көшірмесін қоса беріп, рұқсаттың деректемелерін: нөмірін,
____________________________________________________________________
___
күнін және осы рұқсатты берген Қазақстан Республикасы ұлттық
____________________________________________________________________
__;
қауіпсіздік органдарының бөлімшесін көрсету)
4) техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу жабдығының ең аз жинағының болуы туралы ақпарат_____________________________________
__
(осы құралдардың және жабдықтың меншік құқығында
____________________________________________________________________
___
болуын растайтын құжаттарды қоса беріп, көрсетілетін қызметті алушы
____________________________________________________________________
__;
хатының деректемелерін: тіркеу нөмірін және күнін көрсету)
5) арнайы бөлінген өндірістік үй-жайдың болуы туралы ақпарат
____________________________________________________________________
___
(құжаттың көшірмесін қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге заңды
____________________________________________________________________
__;
негізді растайтын құжаттардың деректемелерін: құжаттың атауын,
тіркеу нөмірін және күнін көрсету)
6) әзірленіп жатқан және өндірілген арнайы техникалық
құралдарды сақтау үшін арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат
____________________________________________________________________
___
(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе
____________________________________________________________________
___
өзге де заңды негізді растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған
____________________________________________________________________
___
ұйым(дар)мен автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау

_______________________________________________________________________

___
сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы шартт(ард)ың
_______________________________________________________________________

___
деректемелерін: тіркеу нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті
_______________________________________________________________________

__;
ұйымдардың атауларын көрсету)
2. Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу
үшін:
1) заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мәртебесі туралы
ақпарат
_______________________________________________________________________

___
(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың/куәліктің
_______________________________________________________________________

__;
нөмірін және берілген күнін көрсету)
2) жоғары техникалық білімі бар мәлімделген маман(дар) туралы
ақпарат___________________________________________________________

__
(мамандығын және біліктілігін, сондай-ақ диплом(дар)ының
_______________________________________________________________________

___
көшірмесін(лерін) қоса беріп, диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін
_______________________________________________________________________

__;
және орнын, оқу орнының атауын көрсету)
3) мәлімделген қызмет түрі бойынша Қазақстан Республикасының
мемлекеттік құпияларын құрайтын мәліметтермен жұмыс жүргізуге
Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары рұқсатының
болуы туралы ақпарат
_______________________________________________________________________

___
(құжаттың көшірмесін қоса беріп, рұқсаттың деректемелерін: нөмірін,
күнін және осы

___________________________________________________________________

___
рұқсатты берген Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздік
___________________________________________________________________

__;
органдарының бөлімшесін көрсету)
4) техникалық құралдардың және бақылау-өлшеу жабдығының ең аз жинағының болуы туралы ақпарат_____________________________________

__
(осы құралдардың және жабдықтың меншік
___________________________________________________________________

___
құқығында болуын растайтын құжаттарды қоса беріп, көрсетілетін
___________________________________________________________________

__;
қызметті алушы хатының деректемелерін: тіркеу нөмірін және күнін көрсету)
5) арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат
___________________________________________________________________

___
(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе
___________________________________________________________________

___
өзге заңды негізді растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған
___________________________________________________________________

___
ұйым(дар)мен автоматтандырылған күзет және өрттен қорғау
___________________________________________________________________

___
сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы шартт(ард)ың
___________________________________________________________________

___
деректемелерін: тіркеу нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті
___________________________________________________________________

__;
ұйымдардың атауларын көрсету)
Ескертпе: мәлімделген адамдардың білім деңгейін бағалау жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу бойынша біліктілік

сынағының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.
Біліктілік сынағына арналған сұрақтар тізбесін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді. Біліктілік сынағы көрсетілетін қызметті алушы қызметін жүзеге асыратын жері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің бөлімшесінде тапсырылады.

"Жедел іздестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы
техникалық құралдарды
әзірлеу, өндіру, жөндеу және
сату бойынша қызметпен
айналысу үшін лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша

Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

___________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

___________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

_____________________________________________________________ жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20___ жылғы " " _____________ № ____________, ______________ берілген,

___________________________________________________________________________

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген

күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың

атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға X қою қажет):

бірігу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

______________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

Электрондық пошта ____________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________

Факс ____________________________________________________________
__

Банк шоты ______________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

___________________________________________________________
____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы,

елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ______________ __________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және сату бойынша қызметпен айналысу үшін лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша
Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

__________________________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

______________________________________________________________ жүзеге асыруға

20___ жылғы " " ___________ № _____________, _______________ берілген,

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),

берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген

лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны

(керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _______

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _ ______

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы __________________________
________

_____________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта __________________________________________________
_

Телефондары _______________________________________________________
__

Факс ____________________________________________________________
__

Банк шоты _________________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____________________________________________________________________
____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

(стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

____________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
2-қосымша

## "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Стандарт жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны беру – 15 жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу – 3 жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге лицензия беру, оны қайта ресімдеу не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының

электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар ) көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554 -бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол:

лицензия беру үшін – 9 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

лицензияны қайта ресімдеу үшін – 0,9 АЕК-ті.

Төлем қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейлі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Төлем "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

қызмет алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшаға сәйкес ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болатын өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), лицензия, лицензиялық алым ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет " шлюзі арқылы дербес алады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10473 тіркелген) ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу және өткізу (оның ішінде өзге де беру) жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефондары бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын әзірлеуге
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

## Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі) ___________________________________________________________
_____________________

(қызмет түрінің толық атауы көрсетілсін)

______________________________________________________________________
________

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________
_______

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________
_

Телефондары _________________________________________________________
_

Факс _________________________________________________________________
_

Банк шоты ____________________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

______________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады; өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _______________ _____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________________

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын әзірлеуге
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

**Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші**

________________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

________________________________________________________________________
________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

________________________________________________________________________
________

(қызмет түрінің толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

________________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта _____________________________________________________
__

Телефондары __________________________________________________________
__

Факс ___________________________________________________________________
__

Банк шоты _____________________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы; өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

__________ ___________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

"Ақпаратты криптографиялық<br>қорғау құралдарын әзірлеуге<br>және өткізуге (оның ішінде өзге<br>де жолдармен беруге)<br>лицензия беру" мемлекеттік<br>көрсетілетін қызмет<br>стандартына<br>3-қосымша

## Қызмет алушының ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу жөніндегі қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мәртебесі туралы ақпарат

_____________________________________________________________________

(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың/куәліктің нөмірін және

берілген

______________________________________________________________
_______;

күнін көрсету)

2. Техникалық немесе физика-математика мамандығы бойынша жоғары білімі бар

мәлімделген маман(дар) туралы ақпарат ________________________________
_______

______________________________________________________________
________

(диплом(дар)ының көшірмесін(-лерін) қоса беріп, мамандығын және біліктілігін,

сондай-ақ

______________________________________________________________
_______;

диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

3. Арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат

______________________________________________________________
________

(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге заңды

негізді

______________________________________________________________
________

растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған ұйым(дар)мен

автоматтандырылған

______________________________________________________________
________

күзет және өрттен қорғау сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы

шартт(ард)ың

______________________________________________________________
_______;

деректемелерін: тіркеу нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті ұйымдардың

атауларын көрсету)

Ескертпе: көрсетілетін қызметті алушының лицензияны "ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеу" жөніндегі қызметтің кіші түріне алу үшін өтінішін қарау кезінде көрсетілетін қызметті беруші мәлімделген адамдардың білім деңгейін біліктілік сынағын өткізу арқылы бағалайды.

Біліктілік сынағына арналған сұрақтар тізбесін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді. Біліктілік сынағы қызметті жүзеге асыратын жері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің бөлімшесінде тапсырылады.

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын әзірлеуге
лицензия беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
4-қосымша
Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

__________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

______________________________________________________________ жүзеге асыруға

(қызмет түрінің толық атауы)

20___ жылғы " " _____________ № ____________, ______________ берілген,

__________________________________________________________________________

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген

күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың

атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы

_____________________________________________________________________

________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-

сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда

– шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________

__

Телефондары _______________________________________________________

__

Факс _____________________________________________________________

__

Банк шоты ________________________________________________________

_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

________________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы,

елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы _____________ __________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын әзірлеуге
және өткізуге (оның ішінде өзге
де жолдармен беруге) лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
5-қосымша
Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

____________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

____________________________________________________________________________

(қызмет түрінің толық атауы)

____________________________________________________________________

жүзеге асыруға

20___ жылғы " " ___________ № _____________, _______________ берілген,

_______________________________________________________________________

________

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),

берілген күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды)

берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны

(керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _______

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _ ______

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы"

Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ___ _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _________________________ ________

_______________________________________________________________________

_______

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта ___________________________________________________

_

Телефондары ________________________________________________________

__

Факс ______________________________________________________________

__

Банк шоты _________________________________________________________

_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

___________________________________________________________________

___

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар нөмірі) ______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

____________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
3-қосымша

## "Ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап:

лицензияны беру – 15 жұмыс күні;

лицензияны қайта ресімдеу – 3 жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20 минут;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат берілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызмет көрсетуге лицензия беру, қайта ресімдеу не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақылы негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар ) көрсетіледі.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 554 -бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсеткені үшін жекеленген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым алынады, ол:

лицензия беру үшін – 20 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

лицензияны қайта ресімдеу үшін – 2 АЕК-ті.

Төлем қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда екінші деңгейлі банктер мен банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүзеге асырылады.

Төлем "электрондық үкімет" төлем шлюзі (бұдан әрі – ЭҮТШ) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) лицензия алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

қызмет алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшаға сәйкес ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау жөніндегі қызметпен айналысу үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

2) лицензияны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төленген жағдайларды қоспағанда, лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі;

ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, лицензияны қайта ресімдеу үшін негіз болатын өзгерістер туралы ақпаратты қамтитын құжаттардың электрондық көшірмелері.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), лицензия, лицензиялық алым ( ЭҮТШ арқылы төленген жағдайда) төленгені туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет " шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 4 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10473 тіркелген) ақпарат таралып кететін техникалық арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпарат таралып кететін
арналарды және жедел іздестіру
іс-шараларын жүргізуге
арналған арнайы техникалық
құралдарды анықтау бойынша
қызметтер көрсетуге лицензия
беру" мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

## Лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

____________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған
жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру
нөмірі)

____________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)
жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын
(керегін көрсету)
Заңды тұлғаның мекенжайы ____________________________________________
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы,
елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Электрондық пошта ________________________________________________
Телефондары ______________________________________________________
Факс ______________________________________________________________
Банк шоты _________________________________________________________
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)
Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

____________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ______________ ___________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Ақпарат таралып кететін
арналарды және жедел іздестіру
іс-шараларын жүргізуге
арналған арнайы техникалық
құралдарды анықтау
бойынша қызметтер көрсетуге
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

## Лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

____________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

____________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_______________________________________________________________________

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

_______________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта _____________________________________________________

Телефондары _________________________________________________________

Факс _______________________________________________________________

Банк шоты ___________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_______________________________________________________________________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

__________ ____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

"Ақпарат таралып кететін арналарды
және жедел іздестіру іс-шараларын
жүргізуге арналған арнайы техникалық
құралдарды анықтау бойынша
қызметтер
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

**Көрсетілетін қызметті алушының ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсету үшін біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы мәліметтер нысаны**

1. Заңды тұлғаның немесе дара кәсіпкердің мәртебесі туралы ақпарат

_____________________________________________________________________
___

(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың/куәліктің

_____________________________________________________________________
__;

нөмірін және берілген күнін көрсету)

2. Жоғары немесе орта кәсіптік техникалық білімі бар мәлімделген маман(дар) туралы ақпарат________________________________

_____________________________________________________________________
___

(диплом(дар)ының көшірмесін(-лерін) қоса беріп, мамандығын және біліктілігін,

_____________________________________________________________________
__;

диплом(дары)ның нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

3. Техникалық іздестіру құралдарының ең аз жинағының болуы туралы ақпарат_____________________________________________________
(көрсетілген құралдардың меншік құқығында болуын растайтын құжаттарды қоса беріп, көрсетілетін
__________________________________________________________________;
қызметті алушы хатының деректемелерін: тіркеу нөмірін және күнін көрсету)

4. Арнайы бөлінген үй-жайдың болуы туралы ақпарат
___________________________________________________________________
(құжатт(ард)ың көшірмесін(-лерін) қоса беріп, меншік құқығын немесе өзге заңды негізді
___________________________________________________________________
растайтын құжаттың, сондай-ақ мамандандырылған ұйым(дар)мен автоматтандырылған күзет және өрттен
___________________________________________________________________
қорғау сигнализация жүйелеріне қызмет көрсету туралы шартт(ард)ың деректемелерін: тіркеу
__________________________________________________________________.
нөмірлерін және күндерін, сондай-ақ тиісті ұйымдардың атауларын көрсету)

Ескертпе: мәлімделген адамдардың білім деңгейін бағалау мәлімделген қызмет түрі бойынша біліктілік сынағының нәтижелері бойынша жүзеге асырылады. Біліктілік сынағына арналған сұрақтар тізбесін көрсетілетін қызметті беруші белгілейді. Біліктілік сынағы көрсетілетін қызметті алушы қызметін жүзеге асыратын жері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің бөлімшесінде тапсырылады.

"Ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

_____________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

_____________________________________________________________________
________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

_________________________________________________________________
жүзеге асыруға

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің (-лері) толық атауы)

20___ жылғы " " _____________ № ____________, ______________ берілген,

_____________________________________________________________________
________

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген

күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың

атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

біріґу ____

қайта құру ____

қосылу ____

бөліп шығару ____

бөліну ____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі ____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі ____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі ____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда ____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы ________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы,
бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған
жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру
нөмірі)

Электрондық пошта __________________________________________________

Телефондары ________________________________________________________

Факс ______________________________________________________________

Банк шоты __________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_______________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді
мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _______________ _____________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" __________________

"Ақпарат таралып кететін арналарды және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды анықтау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша
Нысан

## Лицензияны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

________________________________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

________________________________________________________________________________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

________________________________________________________________________________
________

(қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

____________________________________________________________

жүзеге асыруға

20___ жылғы " " ___________ № _____________, _______________ берілген,

________________________________________________________________________________
________

(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген

күні, лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың

атауы) лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керегін көрсету)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға X қою қажет):

1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі
_______

2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі ______

3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _
______

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы ________

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _______

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _______

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі ________

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі ________ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _________________________
_______

________________________________________________________________________________
_______

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

нөмірі)

Электрондық пошта ________________________________________________________________
_
Телефондары ______________________________________________________________________
__
Факс _____________________________________________________________________________
__
Банк шоты _________________________________________________________________
_
(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_______________________________________________________________________________
____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар нөмірі)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

____________ ________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20___ жылғы "__" ___________

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
4-қосымша

**"Ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және Кеден одағының кедендік аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат беретін құжат) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты**

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап – 8 жұмыс күні.

Арнайы техникалық құралдардың үлгілерін ұсыну мерзімі хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап

күнтізбелік 5 күнді құрайды. Осы мерзім мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған қосымша және (немесе) толықтыру және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі;

арнайы техникалық құралдарға техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі.

Арнайы техникалық құралдардың үлгілерін ұсыну қажет болған жағдайда ( көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша), көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тиісті хабарлама жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарды әзірлеу, өндіру, жөндеу және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу үшін лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы;

5) арнайы техникалық құралдарды әкелу немесе әкету ұлттық қауіпсіздігіне зиян келтіруі мүмкін екенін растайтын негіздер бар жағдайда.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44 , 76-49-43.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

**Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне (рұқсат беру құжаты)**
**ҚОРЫТЫНДЫ**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

______________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

______________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" __________ № KZ ________________ өтініштің негізінде берілді

Тасымалдау түрі ______________________________________________________________

(тауарды тасымалдау түрін көрсету қажет: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету,

транзит)

_________________________ _________________________

(Бірыңғай тізбенің тарауы) (ЕАЭО СЭӘ ТН)

| Тауардың атауы | Моделі | Саны | Өлшем бірлігі |
| --- | --- | --- | --- |
| | | | |

Алушы/жөнелтуші ____________________________________________________

_______

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету. Бұл ретте

алушы

______________________________________________________________________

________

ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға, ал жөнелтуші

ретінде –

______________________________________________________________________

________

көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі ___________________________________________________

_______

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты __________________________________________________

________

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі_____________________________________________

________

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша

әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме __________________________________________________________

________

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың

деректемелерін - сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және

(немесе) толықтыруды және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де

құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат ________________________________________________________________

________________________________________________________________________

Транзит елі ________________________________________________________________

(Аумағы бойынша транзит)

Қорытынды ______________________ дейін жарамды

Уәкілетті тұлға __________________________________________ __________ _

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Берілген күні 20__ жылғы "___"_________

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын ақпаратты жасырын алуға арналған арнайы техникалық құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Нысан

________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

## Өтініш

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мынадай арнайы техникалық құралдарды________________________________

(тауарды алып жүру түрін көрсету: әкелу,

____________________________________________________________________________

әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету, тасымалдау) қорытынды (рұқсат беру құжатын)

беруді сұраймын:

| Р/с № | Бұйымның құрамы көрсетілген оның атауы | Моделі | Зауыттық нөмірі | Сериялық нөмірі | Саны | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды Бірыңғай тізбенің 2.17-бөлімінен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін және (немесе) бизнес

сәйкестендіру нөмірін көрсету ______________________________________________

Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы ______________________________

____________________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы _______________________________

____________________________________________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының телефондары, факсы, электрондық поштасы

____________________________________________________________________________

Алушы/жөнелтуші _____________________________________________________________

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету. Бұл ретте

алушы ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға, ал

жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға

көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі ________________________________________________

________

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Транзит елі ________________________________________________

________

(транзитпен өткізген жағдайда, аумағында транзит жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты ________________________________________________

________

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі________________________________________________

________

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме ________________________________________________

________

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың деректемелерін - сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және (немесе) толықтыруды және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат ________________________________________________

________

(өтініштің басқа жолдарындағы ақпаратты айқындайтын қосымша

________________________________________________

________

мәліметтерді, қажет болған жағдайда, осыдан бұрын берілген арнайы техникалық

________________________________________________

________

құралдарды әкелуге және әкетуге қорытындының (рұқсат беретін құжаттың) деректемелерін,

________________________________________________

________

сондай-ақ тауардың құны және қосымша берілетін құжаттар, оның ішінде тауардың

______________________________________________________________________________

фотографиялық суреті туралы ақпаратты көрсету)

________________ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Уәкілетті тұлға __________________ ________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20__ жылғы "___"_________

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен байланыстыратын тұлға:

______________________________________________________________________________

(мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының орындаушысы – тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты, телефоны, электрондық поштасы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
5-қосымша

## "Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Кеден одағының кедендік аумағына әкелуге және Кеден одағының кедендік аумағынан әкетуге қорытынды (рұқсат беретін құжат) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және

олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап – 8 жұмыс күні.

Шифрлау (криптографиялық) құралдардың үлгілерін ұсыну мерзімі хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап күнтізбелік 5 күнді құрайды. Осы мерзім мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау ( криптографиялық) құралдарды әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

шифрлау құралына техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі. Бастапқы кодтарды ұсыну міндетті талап болып табылмайды. Көрсетілетін қызметті алушының бастапқы кодтарды ұсынудан бас тартуы өз бетінше өтініш бойынша бас тарту үшін негіздеме болып табылмайды;

сыртқы сауда шарты (келісімшарт), оған косымша және (немесе) толықтыру және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжаттың электрондық көшірмесі.

Шифрлау құралының үлгілерін ұсыну қажет болған жағдайда (көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша ғылыми-техникалық сараптама жүргізу үшін), көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тиісті хабарлама жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені), ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын әзірлеуге және өткізуге (оның ішінде өзге де беруге) лицензия туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44 , 76-49-43.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

**Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне (рұқсат беру құжаты)**
**ҚОРЫТЫНДЫ**

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

__________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

__________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" __________ № KZ ________________ өтініштің негізінде берілді

Тасымалдау түрі ___________________________________________________________

(тауарды тасымалдау түрін көрсету қажет: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету,
транзит)

___________________________ ___________________________

(Бірыңғай тізбенің тарауы) (ЕАЭО СЭӘ ТН)

| Тауардың атауы | Моделі | Саны | Өлшем бірлігі |
|---|---|---|---|
| | | | |

Алушы/жөнелтуші __________________________________________________________

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету. Бұл ретте
алушы

__________________________________________________________________________

ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға, ал жөнелтуші
ретінде –

__________________________________________________________________________

көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі ___________________________________________________

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты __________________________________________________

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі ___________________________________________

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме _____________________________________________________________

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың

деректемелерін - сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және

(немесе) толықтыруды және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де

құжатты көрсету)

Қосымша ақпарат _______________________________________________________

_________________________________________________________________________

Транзит елі ____________________________________________________________

(Аумағы бойынша транзит)

Қорытынды ______________________ дейін жарамды

Уәкілетті тұлға ____________________________________________ ___________

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Берілген күні 20__ жылғы "___"_________

"Үшінші елдермен сауда-саттықта тарифтік емес реттеу шаралары қолданылатын шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге, әкетуге және олардың транзитіне қорытынды (рұқсат беру құжатын) беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет

стандартына
2-қосымша
Нысан

________________________________________________________________________
_________
(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

________________________________________________________________________
_________
(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

## Өтініш

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын мынадай тауарларды

________________________________________________________________________
_________
(тауарды алып жүру түрін көрсету: әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету,
тасымалдау) қорытынды (рұқсат беру құжатын) беруді сұраймын:

| Р/с № | Бұйымның құрамы көрсетілген оның атауы | Моделі | Зауыттық нөмірі | Сериялық нөмірі | Саны | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды Бірыңғай тізбенің 2.19-бөлімінен |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін және (немесе) бизнес
сәйкестендіру нөмірін көрсету ________________________________________
________

Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы ______________________
_________

________________________________________________________________________
_________
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді
мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы ______________________
_________

______________________________________________________________________
________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының телефондары, факсы, электрондық почтасы

______________________________________________________________________
________

Алушы/жөнелтуші ____________________________________________________
_______

(әріптес ұйымның толық ресми атауын және толық мекенжайын көрсету. Бұл ретте

алушы ретінде көрсетілетін қызметті алушыдан тауарға құқық алатын тұлға, ал

жөнелтуші ретінде - көрсетілетін қызметті алушыға осы құқықты беретін тұлға

көрсетіледі)

Межелі/жөнелту елі __________________________________________________
_______

(межелі және жөнелту түпкі орны болып табылатын елдің атауын көрсету)

Транзит елі __________________________________________________________
______

(транзитпен өткізген жағдайда, аумағында транзит жүзеге асырылатын Еуразиялық экономикалық одағына мүше мемлекеттің атауын көрсету)

Әкелу/әкету мақсаты _________________________________________________
______

(тауарды әкелу, әкету, уақытша әкелу, уақытша әкету мақсатын көрсету)

Уақытша әкелу/әкету мерзімі _____________________________________________
_______

(уақытша әкелінетін/әкетілетін жағдайда, тауарларды уақытша әкелу немесе уақытша

әкету жөніндегі міндеттеме қолданысының аяқталу күнін көрсету)

Негіздеме _____________________________________________________________
_______

(мемлекеттік қызмет көрсету үшін негіздеме болатын құжаттарды және олардың

деректемелерін - сыртқы сауда шартын (келісімшартын), оған қосымшаны және

(немесе) толықтыруды және (немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де

құжатты көрсету)

Тауарды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына жатқызу тұрғысынан

техникалық зерттеу бойынша қорытындының деректемелері

______________________________________________________________________

(тиісті қорытындының тіркеу нөмірін және берілген күнін көрсету, ұйымдар шифрлау

құралдарын өз мұқтаждықтарын қамтамасыз ету мақсатында әкелген жағдайда

толтырылады)

Қосымша ақпарат ______________________________________________________

(өтініштің басқа жолдарындағы ақпаратты айқындайтын қосымша мәліметтерді, қажет

болған

______________________________________________________________________

жағдайда, осыдан бұрын берілген шифрлау (криптографиялық) құралдарын әкелуге

және әкетуге

______________________________________________________________________

қорытындының (рұқсат беретін құжаттың) деректемелерін, сондай-ақ тауардың құны

және қосымша

______________________________________________________________________

берілетін құжаттар, оның ішінде тауардың фотографиялық суреті туралы ақпаратты

көрсету)

___________ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Уәкілетті тұлға __________________ ___________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20__ жылғы "___"_________

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен байланыстыратын тұлға:

______________________________________________________________________________

(мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының орындаушысы – тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты, телефоны, электрондық поштасы)

Қазақстан Республикасы<br>Ұлттық қауіпсіздік комитеті<br>Төрағасының<br>2015 жылғы 28 сәуірдегі<br>№ 30 бұйрығына<br>6-қосымша

## "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап – 5 жұмыс күні.

Тауардың үлгісін ұсыну қажет болған жағдайда – тауардың үлгісі ұсынылған күннен бастап, күнтізбелік 30 күн. Тауардың үлгісін ұсыну мерзімі хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" түскен сәттен бастап – 5 жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу бойынша қорытындыны беру не осы стандарттың 9-1-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз негізде жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

зерттелетін тауарға техникалық құжаттаманың электрондық көшірмесі;

тауарды жеткізуге келісімдердің (келісімшарттардың) (бар болса) электрондық көшірмелері;

тауардың үлгісін ұсыну қажет болған жағдайда (қорытынды шығару кезінде қиыншылық туындаған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің талабы бойынша), көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" тиісті хабарлама жібереді.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері

жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

## Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу бойынша ҚОРЫТЫНДЫ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

20__ жылғы "___" _________ № KZ _______________ өтініштің негізінде, тауарларды

ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын

жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық

зерттеу жүргізу мақсатында келесі қорытынды берілді:

| Р/с № | Тауардың атауы | Моделі | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды | Техникалық зерттеудің нәтижесі |
|---|---|---|---|---|
| | | | | |
| | | | | |
| | | | | |

Қорытындының жарамдылық мерзімі: берілген кіннен бастап 3 (үш) жыл

Уәкілетті тұлға ________________________________________________ ___________
_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (қолы)

Берілген күні 20__ жылғы "___"_________

"Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

___________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

___________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

## Тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу өткізуге ӨТІНІШ

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Мына тауарларды ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарына және жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге арналған арнайы техникалық құралдарға жатқызу тұрғысынан техникалық зерттеу жүргізуді сұраймын:

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Зауыттық, | | |

| Р/с № | Бұйымның құрамы көрсетілген оның атауы | Мақсаты | Моделі | сериялық нөмірі | Саны | Еуразиялық экономикалық одағының сыртқы экономикалық қызметінің бірыңғай тауар номенклатурасының коды |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | | |
| 2. | | | | | | |
| 3. | | | | | | |

Сыртқы сауда шарты (келісімшарты), оған косымша және (немесе) толықтыру және

(немесе) тараптардың ниеттерін растайтын өзге де құжат______________

______________________________________________________________________________

(тиісті құжаттың нөмірі және жасасу күнін, парақтар санын көрсету)

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін және (немесе) бизнес

сәйкестендіру нөмірін көрсету _____________________________

Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы _________________

______________________________________________________________________________

(индексі, облысы, қаласы, ауданы, көшесі, үй нөмірі, кеңсе нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы _________________

______________________________________________________________________________

(индексі, облысы, қаласы, ауданы, көшесі, үй нөмірі, кеңсе нөмірі)

Көрсетілетін қызметті алушының (оның ішінде көрсетілетін қызметті алушы орындаушысының) телефоны, факсы, электрондық почтасы, ресми интернет-ресурсы

(бар болса)

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________

________ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы жарамды болып табылатыны расталады.

Уәкілетті тұлға __________________ ________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтырылған күні 20__ жылғы "___"_________

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушымен байланыстыратын тұлға:

______________________________________________________________________________

(мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының орындаушысы – тұлғаның тегі, аты,

әкесінің аты, телефоны, электрондық поштасы)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік комитеті
Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
7-қосымша

## "Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамасы туралы нотификацияларды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

## 1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. "Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамасы туралы нотификацияларды тіркеу" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап – 5 жұмыс күні.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің) сипаттамасы туралы нотификацияны тіркеу туралы шешімі не осы стандарттың 9-1-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының бесінші абзацында көзделген құжатты ұсыну қажеттілігі туралы хабарламаны қызметті беруші қажет болған жағдайда жібереді. Нотификацияны Еуразиялық экономикалық одағына мүше емес елдің өндіруші ұйымы ресімдеген жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағының үшінші абзацында көзделген құжатты көрсетілетін қызметті берушіге ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама жібереді. Аталған құжаттарды ұсыну мерзімі көрсетілетін қызметті алушы хабарлама алған сәттен бастап 3 жұмыс күнін құрайды.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша электрондық нотификация (бұдан әрі – нотификация);

*.xls. пішіндегі нотификацияның электрондық құжаты. Көрсетілетін қызметті берушіге ұсынылатын нотификацияның файлы құрылымының сипаттамасы "Тарифтік емес реттеу шаралары туралы" Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен бекітілген Шифрлау (криптографиялық) құралдарын Еуразия экономикалық одағының кедендік аумағына әкелу және Еуразия экономикалық одағының кедендік аумағынан әкету тәртібі туралы ережеде көрсетілген;

көрсетілетін қызметті алушыға өндірушінің атынан әрекет етуге құқық беретін заңдастырылған құжаттың (апостиль, консулдық заңдастыру) электрондық көшірмесі. Көрсетілген құжат шет тілінде дайындалған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен куәландырылған мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі аудармасының электрондық көшірмесі қоса ұсынылады.

Нотификацияны үшінші елдің өндіруші-ұйымы ресімдеген жағдайда, нотификация заңдастырылуы тиіс.

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9-1. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 21 сәуірдегі № 30 шешімімен белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

3) сараптаманың, зерттеудің не тексерудің теріс қорытындысы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

5) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша мемлекеттік қызметтерді көрсетуден бас тартады.

Ескерту. Стандарт 9-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) олардың лауазымды тұлғаларының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын

растау болып табылады.

Сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефоны бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

11. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып қойылатын өзге де талаптар

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 30.05.2018 № 44/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

13. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

15. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

16. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен

"Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын қамтитын
тауарлардың (өнімдердің)
сипаттамасы туралы
нотификацияларды тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша
Нысан

________________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы)

________________________________________________________________________________

(көрсетілетін қызметті алушының толық атауы немесе тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

## Өтініш

Ескерту. Стандарт қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 17.07.2017 № 50 нс (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Шифрлау (криптографиялық) құралдарын қамтитын тауарлардың (өнімдердің
)
сипаттамасы туралы нотификацияларды тіркеуді сұраймын.
Тауарлардың (өнімдердің) атауы ________________________________________
______
_____________________________________________________________________
________

Көрсетілетін қызметті алушының жеке сәйкестендіру нөмірін және (немесе)
бизнес-сәйкестендіру нөмірін көрсету ____________________________
Көрсетілетін қызметті алушының заңды мекенжайы ______________________
________
_____________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді
мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Көрсетілетін қызметті алушының нақты мекенжайы ______________________
_______
_____________________________________________________________________
_______

(пошталық индексі, елі (шетелдік заңды тұлға үшін), облысы, қаласы, ауданы, елді
мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)
Көрсетілетін қызметті алушының телефоны, факсы, электрондық поштасы, ресми
интернет-ресурсы (бар болса)__________________________________________
_______
_____________________________________________________________________
______

__________ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Уәкілетті тұлға __________ __________________________________
(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)
Толтырылған күні 20__ жылғы "___"_________

"Шифрлау (криптографиялық)
құралдарын қамтитын
тауарлардың (өнімдердің)
сипаттамасы туралы
нотификацияларды тіркеу"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша
Нысан

20__ж. "___" ____________ № ________________________________ тізілімде тіркелген

___________________________________________ ___________________________________

(келісуші органның лауазымды тұлғасының қолы ) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

## Нотификация

Ескерту. Стандарт 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

____________________________________________________________
сипаттамасы туралы
(шифровалды (крипографиялық) құралдар және (немесе) олардың құрамында бар тауарлардың – керегін көрсету)
1. Тауардың атауы
_________________________________________________________________
2. Тауардың қолданылуы
____________________________________________________________
3. Тауарды өндіруші туралы мәлімет
__________________________________________________

| 4. Пайдаланылатын криптографиялық алгоритмдер (функциялар) және оның қолданылуы: | № 4-қосымшадағы санат № |
|---|---|
| а) _________________________________ | ☐ |
| | ☐ |

| | |
|---|---|
| б) ________________________________ | |
| в) ________________________________ | ☐ |

5. Пайдаланылу құжаттамасында қолданушыға сипатталмаған тауардың функционалдық мүмкіншіліктерінің болуы

____________________________________________________________

____________________________________________________________

6. Нотификацияның жарамдылық мерзімі 20__ж. "__" _______

7. Өтініш білдіруші туралы мәлімет

____________________________________________________________

____________________________________________________________

8. Нотификацияны рәсімдеуге уәкілетті тұлға ретінде белгілеген өндірушінің құжаттары туралы мәлімет (қажет жағдайда)

____________________________________________________________

____________________________________________________________

9. Нотификацияны толтыру күні 20__ж. "__" _______

Нотификацияға қосылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын растаймын:

Уәкілетті тұлға __________________ ________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық қауіпсіздік
комитеті Төрағасының
2015 жылғы 28 сәуірдегі
№ 30 бұйрығына
8-қосымша

## "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

Ескерту. Бұйрық стандартпен толықтырылды – ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 02.05.2019 № 28/қе (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті (бұдан әрі – ҰҚК) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті ҰҚК (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру www.egov.kz, www.elicense.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері көрсетілетін қызметті берушіге өтініш берген сәттен бастап – 15 жұмыс күні.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған).

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсат беру не осы стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тарту болып табылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетіне" көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ) арқылы куәландырылған электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында, сағат 13:00-ден 15:00-ге дейін түскі үзіліспен сағат 09:00-ден бастап 19:00-ге дейін.

2) портал – тәулік бойы, техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері өтініш берген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған заңды тұлғаның немесе осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші;

техникалық мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіби білімінің барлығын растайтын құжаттарының электрондық көшірмелерін - жеке тұлғалар үшін;

өтініш берушінің штатында техникалық мамандығы бар жоғары немесе орта кәсіби білімді маманның(дардың) барлығын растайтын құжаттарының электрондық көшірмелерін - заңды тұлғалар үшін;

қызмет алушының осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 3-қосымшаға сәйкес ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге ( оның ішінде өзгеше беруге) жөніндегі қызметпен айналысу үшін рұқсат беру талаптарына сәйкестігі туралы электрондық мәліметтер нысаны (бұдан әрі – мәліметтер нысаны).

Мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат, заңды тұлға ретінде, дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелгені (қайта тіркелгені) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы дербес алады.

10. Мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер:

1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 2018 жылғы желтоқсандағы № 104/қе бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17973 тіркелген) Рұқсат беру рәсімдерін жүзеге асыру қағидаларына және Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсатты беру бойынша рұқсат беру талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкес келмеуі;

3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;

4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы.

## 3-тарау. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымданған жағдайда, шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда почта байланысы, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі арқылы қолма-қол көрсетілетін қызметті берушінің жұмыс кестесіне сәйкес қабылданады.

Шағымның көшірмесіндегі қабылданған күні, уақыты, шағымды қабылдаған адамның қолы, тегі және аты-жөні көрсетілген белгі шағымның қабылданғанын растау болып табылады.

Сенім телефоны: 8 (7172) 76-49-16.

Шағымды көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен расталған электрондық құжат нысанында портал арқылы беруге болады. Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының 1414 телефондары бойынша алуға болады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті берушінің өтінішті өңдеу барысында жаңартылатын (жеткізілуі, тіркелуі, орындалуы туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту жөнінде жауап) өтініш туралы ақпаратқа көрсетілетін қызметті алушы "жеке кабинетінен" қол жеткізе алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 5 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Шағымды қарау нәтижелері туралы жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағымдана алады.

Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға келіп түскен шағымы тіркелген күнінен бастап 15 жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

12. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгіне алады.

## 4-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсетудің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттігі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ресімделуі тиіс.

14. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ЭЦҚ болуы қажет.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орнының мекенжайы ҰҚК-нің ресми интернет-ресурсында: www.knb.kz орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі және мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен", сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушының және Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің байланыс телефондары: 8 (7172) 76-49-49, 76-49-48, 76-49-47, 76-49-44, 76-49-43.

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын өткізуге
(оның ішінде өзгеше беруге)
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
1-қосымша
Нысан

## Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсатты алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

____________________________________________________________

(лицензиардың толық атауы)

_________________________________________________________________

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

_________________________________________________________________

(қызмет түрінің) толық атауы көрсетілсін) жүзеге асыруға лицензияны және ( немесе)

лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын (керегін көрсету)

Заңды тұлғаның мекенжайы ___________________________________________

(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді

мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _______________________________________________

Телефондары _____________________________________________________

Факс ____________________________________________________________

Банк шоты _______________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен: көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

Басшы ______________ __________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын өткізуге
(оның ішінде өзгеше беруге)
рұқсат беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
2-қосымша
Нысан

## Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) рұқсатты алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

__________________________________________________________________
________

(лицензиардың толық атауы)

__________________________________________________________________
________

(жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

__________________________________________________________________
________

(қызмет түрінің) толық атауы көрсетілсін)

жүзеге асыруға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруіңізді сұраймын

(керегін көрсету)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

__________________________________________________________________
________

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
нөмірі)

Электрондық пошта _________________________________________________
__

Телефондары _____________________________________________________
__

Факс ____________________________________________________________
__

Банк шоты ________________________________________________________
_

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

______ құжат(-тар) қоса беріліп отыр.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді.

______________ __________________________________________

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы "__" _________________

"Ақпаратты криптографиялық
қорғау құралдарын өткізуге
(оның ішінде өзгеше беруге)
лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет
стандартына
3-қосымша

## Ақпаратты криптографиялық қорғау құралдарын өткізуге (оның ішінде өзгеше беруге) жөніндегі қызметпен айналысу үшін рұқсат беру талаптарына сәйкестікті растайтын мәліметтер нысаны

1. Заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің мәртебесі туралы ақпарат

__________________________________________________________________
________

(мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың/куәліктің нөмірі және берілген

күні)

2. Техникалық мамандығы бойынша жоғары немесе орта кәсіби білім бар мәлімделген

маман(дар) туралы ақпарат ________________________________________________

________________________________________________________________

(диплом(дар)ының көшірмесін(-лерін) қоса беріп, мамандығын және біліктілігін,
сондай-ақ

________________________________________________________________

диплом(дар)ының нөмірін, берілген күнін және орнын, оқу орнының атауын көрсету)

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы ____________________________

________________________________________________________________

(пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат
нөмірі)

Электрондық пошта ______________________________________________________

Телефондары __________________________________________________________

Факс ________________________________________________________________

Банк шоты ___________________________________________________________

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК